

Әуликөл ауданының шақыру учаскесіне 1995 жылы туған еркек жынысты азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 2011 жылғы 25 қарашадағы № 8 шешімі. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 желтоқсанда № 9-7-150 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Әуликөл ауданының шақыру учаскесіне 2012 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейін тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облыстық ішкі істер Департаментінің Әуликөл аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу кезеңінде, тіркелуден жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б.А. Қуанышбаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ғ. Нұрмұхамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрлігі
Қостанай облысының ішкі
істер Департаментінің Әуликөл
ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ *Исмағұлов Н.Ә.*

"Қостанай облысы Әуликөл ауданының
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ *Түгелбаев М.Т.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК